

# Ленин жұл

Шығуына  
25-ші жыл  
№ 63  
(6764)  
1944 жыл  
Сәрсенбі  
29 Март  
Бағасы  
20 тыйын

КК(Б)П Селтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Кеңесінің және КК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

## Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы

### Кеңестер Одағының Маршалы ЖУКОВКА

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды күшейте отырып, кеше, 26 мартта, танк құрамалары мен жаяу әскерлеріміздің жауға қауырт соққы беруі нәтижесінде, немістердің ДНЕСТРДЕГІ күшті тіректі қорғану пункті—Украинаның облыс орталығы КАМЕНЕЦ-ПОДОЛЬСКИ қаласын алды.

КАМЕНЕЦ-ПОДОЛЬСКИ қаласын алу ұрыстарында генерал-лейтенант ЛЕЛЮШЕНКОНЫҢ әскерлері, танк әскерлерінің генерал-майоры БЕЛОВТЫҢ, генерал-лейтенант АКИМОВТЫҢ, полковник СМІРІОВТЫҢ, полковник ЖУКОВТЫҢ, полковник ДЕНИСОВТЫҢ, полковник ФОМИЧЕВТИҢ, полковник МЕДВЕДЕВТИҢ, полковник ТУРКИННИҢ, полковник РЫВЖДЫҢ танкшілері, полковник РУБАСОВТЫҢ артиллерияшылары, авиация генерал-майоры ГОЛОВНЯНЫҢ, авиация генерал-майоры КАМАНИННИҢ, полковник КОТЕЛЬНИКОВТЫҢ, полковник НЕЧИПОРЕНКОНЫҢ ұшқыштары, инженерлік әскерлердің генерал-майоры БЛАГОСЛАВОВТЫҢ, полковник ЕПИФАНОВТЫҢ саперлері көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, КАМЕНЕЦ-ПОДОЛЬСКИ қаласын азат ету ұрыстарында неғұрлым көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «КАМЕНЕЦ-ПОДОЛЬСКИ» атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 27 мартта, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, КАМЕНЕЦ-ПОДОЛЬСКИ қаласын алған 1-Украин майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

КАМЕНЕЦ-ПОДОЛЬСКИ қаласын азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлердің бәріне ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін болған ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін! Неміс басқыншылар құртылсын!

### ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫ

1944 жылғы 27 март.

## ЕГІСКЕ МҮЛТІКСІЗ ӘЗІРЛЕНЕЙІК

Петропавл ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артель мүшелерінің шақыруы бойынша облысымыздың, колхоз, совхоздарында социалистік жарыс көңінен құлаш жайды. Колхозшылардың тынбай еңбек істеуі нәтижесінде облысымыздың бірсыпыра колхоздарында көктемгі егіске әзірлік ойдағыдай аяқталды.

Бұл жөнінде совхоздарда да едәуір көрнекті жұмыстар істелді. Дегенмен көктемгі егіске барлық жағынан мүлтіксіз әзірлену — өгіннен тұрақты мол өнім алудың шешуші әрі негізгі шарты екенін әлі ұғынбай, жұмысты ойсыраған олқылыққа ұшыратып отырған колхоз, МТС басшылары жоқ емес. Мұны егіске әзірлікті тексеру жөніндегі баспасөз бригадалары толық айқындады. Мысалы, Соколов МТС-да трактор паркі мүлде сапасыз жөнделген. МТС директоры Тишков пен аға механик Қиселев жолдастар жұмыстың сапасына көңіл бөлмей, тек сабына ғана мән болып келген. Жөнделген тракторларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссия (председателі КК(Б)П Соколов аудандық комитетінің секретарі Калинин жолдас) өзіннің міндетіне жеңіл-желпі қарап жауапсыздыққа салынған. Ал облыстық жер бөлімінің меңгерушісі Штифанов жолдас МТС жұмысының жайын білмей сырттан болжап Тишковқа сыйлық беру жөнінде әдемі бұйрық жазған. Міне осының ақыры МТС басшыларын бейғамдыққа, елеулі кемшіліктерін көрмеуге салынушылыққа ұшыратып отыр. Газетіміздің кешегі санында Жа-

мантұз МТС мен Киров атындағы колхозда (Совет ауданы) егіске әзірліктің не күйде екендігін сыпаттайтын мақалалар жарияланды. Тексерісте Жамантұз МТС-да тракторлардың сапасыз жөнделгендігі, МТС директоры Қасенов жолдасының тіркеу саймандарын жөндеу жұмысының жайын білмейтіндігі, жұмысшылар арасында еңбек тәртібінің, тіпті бәсеңдегендігі анықталды. Шынында бұл МТС-тың, егіске әзірлігінің қаншалық нашар екендігі сондай «Жамантұздағылар быйыл егін екпейме екен?» деген сұрау тегіннен-тегін қойылып отырған жоқ. Сол сияқты, Киров атындағы колхозда да егiс жұмысына әзірлік айтарлықтай емес.

Үлгілі әрі тынғылықты әзірлік — көктемгі егістің ойдағыдай өткізілуінің түйінін шығарды. Сондықтан егiс жұмысын ешбір кідіртпей сапалы өткізу үшін қазір әрбір колхоздың, совхоз бен МТС-тың көктемге әзірлігі мұқият тексеру керек. Сапасыз жөнделген тракторлар мен құрал-саймандар дереу қайтадан жөнделетін болсын. Бұл істі ешбір кешіктіруге, кезекке қоюға болмайды. Егіс тұқымына, оның сапасына, мәдени дала қосымын әзірлігіне, күш көлігінің кутілуіне, бригада мен звеноның жұмыс жоспарының жасалуына тағы басқа мәселелерге ерекше көңіл бөлінуге тиіс.

Жұмыста болған кемшіліктерді дереу жойып, егісті толық әзірлікпен қарсы алайық. Отанымыз бен жеңісіміздің мүддесі бізден осымы талап етеді

## КЕҢЕС ИНФОРМБЮРОСЫНАН

27 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

1-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды күшейте отырып, кеше, 26 мартта танк құрамалары мен жаяу әскерлеріміздің жауға қауырт соққы беруі нәтижесінде немістердің ДНЕСТРДЕГІ күшті тіректі қорғану пункті Украинаның облыс орталығы КАМЕНЕЦ-ПОДОЛЬСКИ қаласын алды. КАМЕНЕЦ-ПОДОЛЬСКИ қаласын алу ұрыстарында полковник СМІРНОВТЫҢ, полковник ЖУКОВТЫҢ, полковник ДЕНИСОВТЫҢ, полковник ФОМИЧЕВТИҢ, полковник МЕДВЕДЕВТИҢ, полковник ТУРКИННИҢ, полковник РЫВЖДЫҢ, полковник РУБАСОВТЫҢ, полковник КОТЕЛЬНИКОВТЫҢ, полковник НЕЧИПОРЕНКОНЫҢ, полковник ЕПИФАНОВТЫҢ, полковник СЕЛИВАНЧИКТИҢ, подполковник СКИРДАНЫҢ, полковник ГОРОХОВТЫҢ, полковник ПАРХОМЕНКОНЫҢ, полковник НИКОЛЮКТИҢ, подполковник ДИДЕНКОНЫҢ, майор КОЗЛОВТЫҢ, подполковник ЯШАНИННИҢ, майор КУРЧАТНИННИҢ, подполковник ВЛАСЬКИННИҢ, майор АРТЕЕВТИҢ, майор ЧАПИЛЬДИҢ, подполковник ИАКИМОВТЫҢ, подполковник ГУДИНОВТЫҢ, подполковник СЕРГЕЕВТИҢ бөлімдері көзге түсті.

27 мартта 1-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, Тарнополь облысының аудан орталықтары—МОНАСТРИСКА қаласын, КОРОПЕЦТИ, ЗОЛОТЫЙ ПОТОКТИ, Каменец-Подольскі облысының аудан орталықтары ЯРМОЛИНЦЫ қаласын, СМОТРИЧЬТИ, ВОНЬКОВЦЫНЫ, НОВАЯ УШИЦАНЫ, ДОЛЖОКТЫ алды, сол сияқты 80нен аса бас елді жерді, оның ішінде БЕНЧУВКА, ГОГОЧЕВ, ШВЕЙКУВ, БАРЫШ, ПОРХОВА, СОКОЛУВ, СНОВИДУВ, КОЩЕЛЬНИКИ, БЕРЕМЯНЫ, ЛОТАЧ, КАДИЕВЦЫ, ШАРОВКА, ПЕТРАШИ, ДАШКОВЦЫ, ГОВОРЫ, КУЧА үлкен елді жерлерін ұрыспен алды. Майдан әскерлері ДНЕСТР өзенінен ойдағыдай өтіп, Станислав облысының аудан орталығы ГОРОДЕНКА қаласы мен үлкен темір жол станциясын, Черновица облысының аудан орталықтары ЗАСТАВНА қаласын, САДАГУРАНЫ алды.

2-УКРАИН майданының әскерлері ДНЕСТР және ПРУТ өзендерінің аралығында шабуылды күшейте отырып, Молдавия КСР-ның аудан орталықтары БРИЧАНЫ қаласын, СКУЛЯНЫНЫ алды, сол сияқты 100ден аса басқа елді жерді, оның ішінде МИХАЛКОВА, РОМАНКОВЦЫ, ШУБУТИНЦЫ, ЯНОУЦЫ, БУЗОВИЦЫ, НОВОСЕЛИЦЫ, ТАБАНЫ, КАРАКУШАНЫ, КОРЖЕУЦЫ, ТИЦКАНЫ, КАРПАЧТЫ, КОСТЕШТЫ, БРАНЕШТЫ, КУХНЕШТЫ, КАЛИНЕШТЫ, СТОЛНИЧАНЫ, СКУМПИЯ, МАРАНДЕНИ үлкен елді жерлері мен РОМАНКОВЦЫ, ВАСКАУЦЫ, ЯНОУЦЫ, МАРАДЕНИ, КАТРАНЫК, СКУМПИЯ, СТОЛНИЧАНЫ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

ПЕРВОМАЙСКИ қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізуде болды, бұл ұрыстардың барысында Одесса облысының САВРАНЬ аудан орталығын, сол сияқты 30дан аса басқа елді жерді, оның ішінде БАЙБУЗОВКА, БАКША, КАПУСТАЙКА, СТРУГИНКА, МИХАЛКОВО, ОЧЕРЕТНА, ТРИДУБЫ, БУРИЛОВО, СЕКРЕТАРКА, ЛЕНИНО, БОГАЧЕВКА, КОНЕЦПОЛЬ, ГОЛТА, ГРУШЕВКА елді жерлерін ұрыспен алды.

НИКОЛАЕВ бағытында әскерлеріміз МАТВЕЕВКА, БАЛОННАЯ, ТЕРНОВКА (Николаев қаласының батыс жағында 4 километр жерде), ВОДОПОЙ елді жерлерін ұрыспен алып, НИКОЛАЕВ қаласының шет аймақтарында ұрыстар шешілетірі.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызды бар ұрыстар болды. 26 мартта әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 28 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімізмен дұшпанның 18 самолеті атып түсірілді.

1-Украин майданының әскерлері кеше Украинаның облыс орталығы Каменец-Подольскі қаласын алды. Немістер Каменец-Подольскіні өздерінің Днестрдегі қорғану шебінің күшті тіректі жеріне айналдырған болатын. Қаланың батыс және шығыс жақтарындағы биік жарлы жағалаулары бар Смотрич және Муша өзендері табиғи қорғану шеңбері болып тұрды. Алайда абыржыған немістер өздерінің майданын алды. Майдан әскерлері жауға барлық жақтан қауырт соққы беріп, Каменец-Подольскіге басып кірді, сөйтіп кескілескен көше ұрыстарында неміс гарнизонын толық талқандады. Әскерлеріміз қалада жаудан көп олжа түсірді.

Ярмолинцы қаласы ауданында қатты ұрыстар болды. Дұшпанның танктері мен жаяу әскерлерінің ірі күштері бірнеше күн бойына қарсы шабуыл жасауда болды, сөйтіп қайткен күнде бұл тіректі жерді өз қолдарында ұстап қалуға тырмысты. Әскерлеріміз немістердің қарсы шабуылдарын тойтара отырып, олардың адам күші мен техникасын әсіретті. Кеңес әскерлері бүгін солтүстіктен және батыстан шешуші соққы беріп, Ярмолинцы қаласын алды. Бұл ауданда болған ұрыстарда немістер алды ала мәлімет бойынша 100 танкінен, 5.000дай солдатты мен офицерімен айрылды. Екінші бір бөлімдеріміз ұрыспен алға баса отырып, Каменец-Подольскі облысының Воньковцы аудан орталығын алды және немістерден 15 бүтін танкі, 100 зеңбіректі, 18 бронемашинаны, 24 бронетранспортерді, бірнеше жүздеген автомашинаны, оқ-дәрі қойылған 2 склад пен азық-түлік қойылған 5 складты қолға түсірді. Зынкыцы ауданында ұрысқан неміс шегініп бара жатқан гитлершілер 80 бүтін зеңбірегін тастап кетті.

1-Украин майданының әскерлері кең майданда Днестрге жетіп, бірсыпыра өткелдерді алды. Келген бетте Днестрден бөгелмей өтіп, жүрек бөлімдеріміз бүгін Станислав облысының аудан орталығы Городенка қаласы мен үлкен темір жол станциясын алды. Городенка үшін ұрыс-талқандады.

тарда венгр жаяу әскерлерінің бір полкі жойылды. Екінші бір құрамаларымыз жедел алға баса отырып, Черновица облысының аудан орталығы Заставна қаласы мен Садагураны (Черновица қаласының солтүстік жағында) алды.

2-Украин майданының әскерлері Днестр және Прут өзендерінің аралығында шабуылды өрістетті. Н. құрамасының бөлімсіз алды. Кеңес әскерлерінің берген соққысы астында жөңкіле кері шегініп бара жатып, дұшпан ауыр шағынға ұшырауда. Бір ауданда жүрек отрядымыз дұшпанның тылына өтіп, жаудың бір полк жаяу әскерлерін талқандады. Екінші бір учаскеде танктеріміз темір жол станциясына басып кіріп, вагондарға мініп жатқан 1.000 нан аса немістер мен румындарды жойды. Жаудан көптеген зеңбірек пен соғыс мұқият тиелген автомашиналар қолға түсірілді.

Николаев бағытында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізуде болды. Николаевтың солтүстік жағында Н. құрамасының жауынгерлері дұшпанның қатты қарсылығын жеңіп, Балонная, Матвеевка, Терновка елді жерлерін алды. Ұрыс даласында жаудың жүздеген өліктері қалды. Бөлімдеріміз қауырт шабуыл жасап, Водопои селосы алып, Николаев қаласының шет аймақтарында ұрыстар жүргізуде.

Фин бұғазында дұшпанның тральері, күзет кораблі мен күзет катері суға батырылды.

Тарнополь облысында қыймыл жасаушы Украин партизан отряды неміс гарнизонына тұтқындалап тап берді. Партизандар жаудың 120 солдатты мен офицерін жойып, 22 адамды қолға түсірді. Дұшпаннан 11 пулемет, 4 миномет, 100ден аса винтовка мен автомат қолға түсірілді. Молдавия партизандарының бір тобы темір жол станциясына өтті, сөйтіп неміс сакшыларын жойды да оқ-дәрі складын алды.

## Молдавия партизандарына Кеңестер Одағының Батыры атағын беру туралы

### КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы

Дұшпанның тылында неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресте үкмет тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен бірге қаһармандық және батырлық көрсеткені үшін төменде аты аталғандарға Кеңестер Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі қоса тапсырылсын:

1. Тимошук Василий Иванович
2. Фролов Николай Михайлович

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.  
КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.  
Москва, Кремль. 1944 жылғы 24 март.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

КОЛХОЗ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ

Партия ұйымы бухарамен тығыз байланыс жасаған болса, оның қатары өндірісте үздік еңбек еткен, партиямыздың ісіне шексіз берілген патриоттардың есебінен өсе бермек.

Біздің партия ұйымында алғашқы кезде үш ғана коммунист бар еді. Қазір ұйымда 8 коммунист бар. Оның төртеуі ҚК(б)П мүшесі, 4 кандидат. Жуырда бастауыш комсомол ұйымының секретарі Найзабеков жолдас ҚК(б)П кандидаттығынан мүшелікке қабылданды. Колхозды ауылдың таңдаулысы, колхоз басқармасынан бір неше рет сыйлық алған Р. Тілеутемірова жолдас партия мүшелігіне кандидаттыққа қабылданды. Қазір колхоз өндірісінің озаттары Алпысова және Әмірханова жолдастар партия мүшелігіне кандидаттыққа дайындалып жүр.

Партия ұйымы өзінің жұмысын жоспар бойынша тығыздықты түрде жүргізеді. Партия жыйылысы айына екі рет өткізіледі. Жуықта болып өткен жыйылыста көктемгі егіске әзірліктің барысы жөнінде егін бригадасының бригадирі Тілеужанов жолдастың баяндамасы тыңдалды. Коммунистер егіске әзірліктері кемшіліктерді сына алып, оны жоюдың нақтылы шараларын белгіле-

ді. Осыдан жейін Тілеужанов жолдас көрсетілген кемшіліктерді дереу жойды. Қазір колхоз көктемгі егіске әзір отыр.

Партия ұйымы мал шаруашылығына ерекше назар аударуда. Ферма менгерушісі Тілеужанов жолдас былай мал қыстатудың барысы жөнінде партия жыйылысына екі рет есеп берді. Қазір колхозда мал қыстату және төл алу науқаны ойдағыдай өтуде.

Партия ұйымы бастауыш комсомол ұйымының жұмысына үнемі көмектесіп, басшылық жасайды. Комсомол жыйылысын өткізуде, жұмыс жоспарын жасауда оған әрдайым көмек көрсетеді. 1944 жылдың алғашқы үш айында, таңдаулы жастардан комсомол қатарына 4 адам қабылданды.

Көктем таялды. Ол ауыл шаруашылық жұмыстарының ең жауапты кезеңі. Колхоз коммунистері көктемгі егісті табыспен өткізуге барлық күштері мен ұйымдастырушылық қаблетін жұмсайды.

М. ЕСТАЕВА,

Совет ауданындағы «Үш қызыл» колхозы бастауыш партия ұйымының секретарі.

КОМСОМОЛ ҰЙЫМДАРЫНА ҚОЛМА-ҚОЛ БАСШЫЛЫҚ ЖАСАЛСЫН

Қызылту ауданының комсомол ұйымдары оған алдындағы айбынды міндеттерін абыроймен орындау үшін өздерінің жұмысын майдан талабына сәйкестендіріп, ерекше көңіл бөлді. Осының нәтижесінде өткен жылдың екінші жартысында алдыңғы қатарлы колхозшы жастардан 121 адам комсомол қатарына алынды. Ал 1944 жылдың алғашқы екі айында комсомол қатарына 45 адам қабылданды. Комсомол қатарының өсуімен байланысты жанадан 11 комсомол ұйымы құрылды. Комсомол ұйымдары жастарды колхоз өндірісінде өздерінің авангардтық ролін арттырып, өнімді еңбек істеуге жұмылдырды. Папанин атындағы колхоздағы бастауыш комсомол ұйымының (секретарі Ахметова жолдас) комсомолецтері мен жастары колхозда үлгілі еңбек істеді. Әсіресе комсомол қауымы Бәубекова, мал фермаларының, менгерушісі Құрымбаева жолдастарі жұмыста жақсы нәтижеге ие болды.

«Үлкен қараой» колхозының комсомол жастары колхозшылар арасында үгіт-көпшілік жұмысын ойдағыдай жүргізе білудің нәтижесінде өткен жылы егін ору, мемлекетке істейтін тапсыру жұмыстарын үлгілі аяқтады. Комсомол Омаров жолдас басқарған үгіт коллективі қолөзіншілердің өндірістік белсенділігін арттырып, еңбек өнімділігін арттырды.

Ауданымызда бұл сыяқты жақсы үміс істеп көрнекті нәтижеге жеткен комсомол ұйымдары мен комсомол жастар аз емес. Алдыңғы қатарлы комсомол ұйымдарының комсомолецтері азат етілген аудандары еңбекшілеріне арнап 64 мал айнап тапсырды. Бұл жөнінде Киров атындағы колхоздың комсомолецтері бағалы инициатива көрсітіп, 6 мал берді. Ауданның комсомол жастары туір қайық жасау қорына 50.000

сом қаржы жыйнады. Бұл істе «Жаңа тілек» және Киров атындағы колхоздардың комсомолецтері мен аудандық финанз бөлімінің комсомол ауданында аудандық барлық комсомол ұйымдарының жұмысы дәл осындай деп айтуға болмайды. Кейбір комсомол ұйымдары жұмысты нашар істеп келеді. Мысалы, «Социализм» колхозының комсомол ұйымы (секретарі Қонаева жолдас), «Алғабас» колхозының комсомол ұйымы (секретарі Ахмедия жолдас) тағы басқалары комсомолда жоқ жастарға тәлім-тәрбие беру жұмысын жүргізе алмай отыр. Бұл комсомол ұйымдары колхоз шаруашылығына иеткілікті көмектеспейді, комсомол жастардың колхоз өндірісінде стахановша еңбек істеп, колхозшылар арасында үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргізуі ісіне қатынас алмай өздеріне тән жұмыстан сырт қалды.

Бастауыш партия ұйымдары комсомол ұйымдарына көмектеспей келеді. «Жаңа тұрмыс», Буденный атындағы колхоздардың бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары Сағынаев, Әбішев жолдастар комсомол ұйымдарының жұмысымен танысып, партия жыйылысында олардың баяндамаларын тыңдап, нұсқау беру жұмысына көңіл бөлмей отыр. Аудандық комсомол комитетінің жұмысына ҚЛКЖО облыстық комитеті, оның бірінші секретарі Жайсақов жолдас тікелей басшылық жасай алмай отыр. Ол ауданға келіп комсомол ұйымының жұмысымен танысып, қолма-қол басшылық жасау орнына сансыз көп телеграмма, құлаш-құлаш қатнастар жазумен тынып отыр.

ҚЛКЖО облыстық комитеті аудандық комитеттерге басшылығын нығайттып, маңында жақсартып, тығыз байланыс жасауы керек.

Т. КЕШУБАЕВ,

ҚЛКЖО Қызылту аудандық комитетінің секретарі.

ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДЫҚ ШАБУЫЛЫНА ЖАНҚЫЯРЛЫҚ ЕҢБЕГІМІЗБЕН КӨМЕКТЕСЕЙІК!

Жеңіске жаңа табыспен жауап беруде

2-Украин майданы әскерлерінің жаңа тамаша жеңісі жөніндегі хабарды Н. заводының қызметкерлері мен жұмысшылары зор қуанышпен тыңдады.

Заводтың әрбір цехтарында салтанатты митинглер болып өтті. Механикалық цехтың стахановшы токарі Четвергус жолдас митингіде былай деді:

—Біз Қызыл Армияның бұл тамаша жеңісіне еңбек майданында жаңа табыстармен жауап беруіміз керек. Мен қазір күнделік тапсырманы 250 процент орындап жүрмін, енді бұдан былай 300 процент орындауды міндетіме аламын—деді.

Одан кейін токарлар Овчаров, Долгов жолдастар сөз сөйлеп, күнделік жұмыс жоспарын 250 процент орындаймыз деп уәде берді. Құрал-

сайман жасайтын цехтың слесарі Писаченко жолдас тапсырманы 250 процент орындауға, №5 цехтың стахановшысы Андреева жолдас жұмыс нормасын 300 процент орындауға сөрт берді. Осы цехтың жұмысшысы комсомолка Куликова жолдас барлық жұмысшы, қызметкерлерді күнделік тапсырманы кемінде 100 процент орындамай жұмыстан кетпеуге шақырды.—Біздің әрқайсымыздың жоспардан тыс өндірген продукциямыз неміс-фашист басқыншыларға ажал оғы болып тиіп, жеңісімізді тездетеді—деді ол.

Митингіге қатынасқан жұмысшы, қызметкерлер апрель айында өндірілетін продукцияның саны мен сапасын неғұрлым арттыруға сөрт берді.

Қ. АЯҒАНОВ.

Жаңа міндеттемелер алды

27 март күні кешке «Главмуканың» жұмысшылары мен қызметкерлерінің салтанатты митингісі болды. Бастауыш партия ұйымының секретарі Козин жолдас митингіні ашық деп жариялап, Жоғарғы Бас қолбасшы Кеңестер Одағының Маршалы Сталин жолдастың бұйрығын оқып естартті.

2-Украин майданы әскерлерінің қауырт шабуыл жасай отырып, Днестр өзенінен өткендігін, Бельцы қаласы мен маңызды темір жол торабын алып, 85 километрлік майдан

Мұхаметжанов сөз алып сөйлеп, —біз бірінші тоқсанның үш тарту жоспары бүгінгі күнге дейін 106,5 процент, оның ішінде март айының жоспарын 101 процент орындадық. Қызыл Армияның мемлекеттік шекарамызға жеткен даңқты жеңісіне жауап ретінде апрель айының жоспарын 25 апрельге дейін 100 процент орындап, ұның сапасын бұрынғыдан да жақсартамыз—деді.

Жұмысшылар Мухаметжановтың ұсынысын қолдап, бұл жаңа міндеттемені бұлжытпай орындауға берді. Митингіде завод жұмысшылары мен қызметкерлері 1 май мерекесі алдындағы социалистік жарысқа қосылып, өзара шарттар жасады.

Ұмытылмас күн

Жұмыс күні аяқталғаннан соң, «Молот» қолөнершілер артелінің жұмысшылары кеңсеге бір адамдай тегіс жыйналды. Артель председателі Цацулин жолдас 2-Украин майданы әскерлерінің мемлекеттік шекараға жетуі хұрметіне арналған митингіні ашық деп жариялады.

—26 март,—деді—ол, ұмытылмас күн болып тарихтан орын алады. Отанды ерлікпен қорғаушылардың тамаша жеңісінде тыл қызметкерле-

рінің мол үлесі бар. Жауды тез талқандау үшін біз бұйым өндіруді неғұрлым күшейте беруіміз керек.

Митингіге қатысушылар Недоспасов, Мефтахудинов, Варенишкова және Фаткулина сыяқты таңдаулы жұмысшылардың үлгісімен майдандағы еңбек істеп, март айының өндірістік жоспарын артель бойынша 110, ал апрель айының жоспарын 150 процент орындауға уәде берді.

Ж. АСПАНОВ.

Майданға зеңбіректерді еселеп көп береміз

Сталин атындағы артиллерия заводының коллективі кеңес әскерлерінің КСРОның мемлекеттік шекарасы—Прут өзеніне жеткендігін зор қуаныш сезімімен білді. Жұмысшылар мен инженерлер бұл тарихи жеңістің хұрметіне майдан үшін қосымша соғыс қару-жарағын өндіруді ұйғарды.

Қызыл Армияның, табыстары мен жігерленген біз артиллерия жарақ жабдығын айдап айға мол өндіреміз. Біздің кәсіп орнының коллективі қару-жарақ өндіру өнерін тыңбай менгеруде. Мысалы өткен жылы зеңбіректердің кейбір түрін өндіруге жұмсалатын күшті 43 процент кеміттік. Технологиямен жаңа үлгісі бойынша зеңбіректерді өндіруге арналған жұмыс көлемі де ықшамдалды. Озат технологияны жүзеге асыру, жұмысты неғұрлым өнімді ұйымдастыру қазір зеңбіректер өндірісін барған сайын молайтудың аса маңызды шарты болып саналады.

Айбынды кеңес жауынгерлерінің табыстарына шаптанып, біз еңбек өнімін күн сайын арттырып, көлеміз. Завод 17 ай бойына өзінің жоспарлы тапсырмаларын артығымен орындап келеді. Кәсіп орнымыз жарыста өзіп шығып БК(б)П Орталық Комитетінің, ауыспалы Қызыл Туың 17 рет алды. Бұл күндерде заводымызда еңбек өрлеуі анағұрлым тасқындауда. Көптеген жұмысшылар, бригадалар мен цехтар 2-Украин майданы әскерлерінің тарихи жеңісінің хұрметіне сменалық тапсырмаларды артығымен орындауда.

Жекеурын жауды біржолата талқандау ісін тездету үшін майдандық айбарлы артиллерия техникасымен тығыздықты жабдықтау үшін барлық күшімізді жұмсаймыз.

А. ЕЛЯН,

Сталин — атындағы артиллерия заводының директоры, Социалистік Еңбек Ері. Н. қаласы. 27 март.

# Іннен жеңіске сай мол өнім алу жолындағы бүкіл халықтық жорыққа аттанайық!

## ІСКЕ ӘЗІРМІЗ

Ің колхоз көктемгі егіске әзір-  
мысына ерте кірісті. Қазірде  
ске негізінен даяр отырмыз.  
ғы жылы 900 гектар дөңді  
пекпіз. Бұған керекті тұқым  
дайындалып, егіс сапасына  
дді. Ауылшаруашылық кү-  
імандарі мен әбзелдерде то-  
өңделіп болды.  
ен мол өнім алудың негізгі  
рының бірі—егіс жерін ты-  
Сондықтан да біз 7 центнер  
йын, 5 центнер күл жыйнап,  
і күн дайындадық.  
озымызда екі егін бригадасы  
іннен мол өнім алатын 6  
ұйымдастырылды. Әрбір зве-  
іс аланы бөлінді. Звенолар  
е бөлініп берілген күш көлі-  
мәпелеп күтіп, олардың күйін  
тты.  
бригадамен бригада, звеномен  
расында бірінші май алдың-  
циалистік жарыс кең өріс  
Қарысқа қосылғандар егісті  
і сай әзірлікпен қарсы алып,  
мет пен партия белгілеген  
е өткізуге уәделесті.

**С. СЫЗДЫҚОВ,**  
тау ауданындағы «Сарту-  
колхозының председателі.

## АРЫСҚА ЖАППАЙ КОСЫЛДЫ

ауданындағы Шағлы МТС  
ректоры Закирченко жол-  
ективі трактор ремонт-  
лдық жоспарын толық орын-  
арлығы 40 трактор көктемгі  
ақадай-сай әзірленді. Мем-  
комиссия ремонттан-  
тракторлардың сапасын  
ай деп қорытынды жасады.  
тракторлар жүргізіліп тексе-  
ексерісте байқалған азнау-  
шіліктер дереу жойылды.  
тшы жұмысшылар май ал-  
социалистік оқарысқа жап-  
асып, оқакын арада ауыл-  
лық тіркеу саймандарының  
н толық аяқтауға міндет-

қан **СЫЗДЫҚОВ.**

## ҚОС ЖҮРЕК

(ХИССА)

аса батырлықты,  
ақын толғанарма?  
өге, шынға өрлеп-  
ды қолға аларда,  
самурықтай,  
ере долданарма?  
лден найзаы ұштап,  
ылын қолға аларма?  
ыны сокса жарға,  
ла аңы зарға  
бір теңіздейін  
а жараңдарға.  
ерлік жырын  
айыр, жарды самға!  
ен айбарлы үнді,  
үнді батыр сынды  
ел жалығарма?  
зал Рүстем, Дастан,  
анды мың бір таңға.  
ырым мұнан бөлек  
бір керемет-ті;  
я жалынды оттан  
р, әрі кекті,  
лам отқа ұласа  
ды жетелетті.  
аспап-көкті  
алап кереметті,  
табалмады  
ан бұл бір текті.  
іңкіркін ерлік  
өктеп теңті  
н сілкіп жерді

Топшысымен бұлты сөкті.  
Нажағайдай жасыл ойнап  
Дүрлідете нәсер төкті,  
Колына ала от жүректі  
Отан деген хаснетті,  
Аңтынан ер айнымастан  
Жанын қыя қойды бетті...  
Тулғасы өшпес мәңгі сәулет,  
Аңыз етер ұрпақ, әулет  
Мұндай ерді жалын текті,  
Мұндай батыр тастүлекті...  
\*\*\*  
Өткен ерлер бұл тәрлізді  
Отаны үшін жанын қыйған.  
Өткен Архип (х) батыр солдат,  
Жауға қарсы дәріні үйіп.  
Арыстандай жауға тиіп,  
Кескілесе белден қыйып,  
Қаһарман ер Кошки (хх) матрос  
Темір топшы, қыран ұйық.  
Бухвостов жауын үйіп,  
Жаудың торын үзіп, қыйып,  
Сонда солдат ерлік еткен  
Дуылғасын баса киіп,  
Сонда Петр берген бұйрық  
„Жасаңдар“—деп,—сәулет қыйып!  
Сонда Петр ойлаған-ды,  
(х) Архип Осипов—Михайловскі бекіні-  
сін бұзған 714-Тангинскі полкінің қа-  
рапайым солдаты.  
(хх) Кошки—1854—1855 жылдарда Севас-  
топольді қорғаған батыр солдат.

## ЕГІННЕН ЖЕҢІСКЕ САЙ ӨНІМ АЛАМЫЗ

Колхозшылар быйыл егіске әзір-  
лікті күні бұрын қолға алып, егіс  
жұмысын үлгілі өткізу үшін күре-  
суде.

Сапалы тұқым қорын жасау ісі-  
не біз ерекше көңіл бөліп, жоспар  
бойынша 402 центнері бидай, 30  
центнер сұлы, 12 центер тары, 12  
центнер картоф тұқымын дайында-  
дық. Егіс тұқымының өңгіштігі бай-  
қалып, егіс сапасына жеткізілді.

Егіске әзірліктің екінші бір негізгі  
шарты—ауыл шаруашылық құрал-  
саймандары мен күш көліктерін да-  
йындау екенін біз оқаксы білеміз.  
Бұл үшін 10 соқаны, 16 борона-  
ны, 2 тұқым сепкішті, 55 пар мойын  
ағашты, 55 жетекті күн ілгері көн-  
деп, дайындадық. Күйі төмен 36  
өгіз бен жұмыс атын жұмыстан бо-  
сатып, күтімге қойдық. Басқа көлік-  
тер күйлі. Жұмыс малдарын күтуге  
таңдаулы адамдар бөлінді. Звеношы-  
лар Әбілқасымов, Байболов жолдас-  
тар өздеріне бекітілген жұмыс мал-  
дарының күтімін жақсартуда.

Егіннен мол өнім алудың кілті  
—агротехникалық шараларды бұл-  
жытпай қолдана білуде екендігін  
тәжірибе жүзінде көріп, егіс жерінің  
ылғалдығын арттыру мақсатымен  
350 гектар егіс алаңына қар тоқтат-  
тық. Ескі жерді өңдеп тыңайту

үшін 50 тонна көн, бір жарым цент-  
нер күс қыйы, 5 центнер күл әзір-  
ленді.

Егіс жұмысын мезгілінде және  
сапалы өткізіп, егіннен мол өнім  
алу—енбек ұйымдастыру жұмысына  
байланысты. Колхозда мол өнімші  
2 звено ұйымдастырылды. Колхоз-  
дың маңдай алды стахановшылары  
Байболов, Әбілқасымов жолдас-  
тар звеношы болып белгіленді. Бұл зве-  
ноларда 24 колхозшы жұмыс істей-  
ді. Звеноларға егіс жоспарларын бел-  
гіленіп, егіс учаскелері, жұмыс мал-  
дары мен құрал-саймандар бекітіліп  
берілді. Звенолар көктемгі егіске  
әзірлік жұмыстарын қызу жүргізді.  
Сөйтіп олар егіске әзірлікті ойдағы-  
дай аяқтады.

Көктемгі дала жұмыстары кезін-  
де колхозшылар үшін көпшілік та-  
мақтандыру ісін ұйымдастыруға ар-  
нап 60 пұт астық тағы басқа азық-  
түлік дайындалды. Асбапшылар та-  
ғайындалды.

Біз күш мүмкіншілігімізді толық  
пайдалана отырып, көктемгі егісті  
мезгілінде әрі сапалы өткіземіз, сөй-  
тіп егіннен жеңіске сай өнім ала-  
мыз.

**С. ЕСІЛБАЕВ,**  
Қызылту ауданының Энгельс  
атындағы колхозының предсе-  
дателі.

## Жұмыс қарқыны күшейтілуде

Киров атындағы ауыл шаруашы-  
лық артелінің (Преснов ауданы)  
колхозшылары көктемгі егісті мол  
әзірлікпен қарсы алмақ. Қазірде  
ауыл шаруашылық құрал-сайман-  
дарын жөндеу жоспары толық орын-  
далды. Бұл жұмыста темір ұсталар-  
ы Дүйсекин және Сейтов жолдас-  
тар қажірлі еңбек үлгісін көрсетті.

Колхозда жергілікті тыңайтқыш  
заттар жыйнау жұмысы ұйымдас-  
қан түрде жүргізілуде. Жыйналған  
тыңайтқыш заттар егіс алаңына та-

сылды. 300 гектар алаңға қар тоқ-  
татылды. **Ж. ТЕМІРХАНОВ.**

Октябрь ауданындағы «Еңбек»  
ауыл шаруашылық артелінің колхоз  
шылары көктемгі егіске қызу дайын-  
далуда. Егіске керекті тұқым то-  
лық тазартылып, өңгіштігі тексеріл-  
ді. Ауыл шаруашылық құрал-сайман-  
дарды жөндеу жұмысы негізінен  
толық аяқталды. 350 гектар алаңға  
қар тоқтатылды. Жұмыс көлігі тү-  
гел күтімге қойылды.

**Р. ҚОЖАҒҰЛОВА.**

## САҒАДАЙ САЙ

ВОЛОДАРОВКА. (Арнаулы тіл-  
шімізден). Айыртау ауданындағы  
«Терең көл» ауылшаруашылық ар-  
телінің (председателі Илиясов жол-  
дас) мүшелері көктемгі егіске даяр-  
лық жұмыстарын ойдағыдай аяқта-  
ды. Колхоз егіс тұқымымен толық  
камтамасыз болды: 500 центнер би-  
дай, 81 центнер сұлы, 10 центнер  
тары тұқымы әбден тазартылып егіс  
сапасына жеткізілді. Оның өңгішті-  
гі 95—100 процент болды.

Ремонтталған 9 соқаны, 47 тыр-  
маны, 65 қамытты, 65 жетекті, 20  
аттың жегу саймандарын мемлекет-  
тік комиссия тексеріп, жұмыс сапа-  
сын өте жақсы деп тапты.

Қазір колхоздың 68 жұмыс көлі-  
гі мен колхозшылардың жеке мен-  
шігіндегі 23 ат ерекше күтімде тұр.  
Оларды күту ісін колхоздың таң-  
даулы малшысы, мал фермасының  
менгерушісі Лекеров Мұрат жолдас  
басқарады. Күтімдегі көліктер күні  
ертен жұмысқа жегуге жарарлық-  
тай күйде.

Шабуылдағы Қызыл Армияның  
тамаша жеңістерімен рухтанған  
колхозшылар егіннен жеңісімізге  
сай мол өнім алу үшін қажырлы ең-  
бек үлгісін көрсетуде. Колхозшы  
Тәуекелов, Бейсенбаев жолдас-  
тардың басқаруындағы мол өнімшілер  
звеноларының мүшелері өзара соци-  
алистік жарысқа түсіп, тынбастан  
еңбек істеуде. Бұлар жергілікті ты-  
ңайтқыш заттарды жоспардан ар-  
тық жыйнап, оны егін жерін тыңай-  
туға пайдалану ісіне кірісті.

Егіс кезінде колхозшылардың  
өнімді еңбек істеп, мәдениетті дем  
алуы үшін де жағдай жасалды. Мә-  
дени дала қостары ремонтталып то-  
лық тәртіпке келтірілді.

Егіске дайындықты ойдағыдай  
аяқтауда егін бригадасының брига-  
дирі Сыздықов пен колхоз предсе-  
дателінің егін жұмысы жөніндегі  
орынбасары Жумажанова жолдас-  
тар көп еңбек сіңірді.

Ардақты өлу—елді сүйіп.

Мәңгі-бақи ер үлгісі,  
Урпаққа салт, елге дәстүр.  
Күйші қозғап түптеп тартып,  
Қос шегіне бітірген тіл.  
Кейде асқақтап, кейде парлап,  
Кейде тасып төгілген дүр.  
Батырлықты аңыздаған  
Күндер зулап өткенде жыл..  
„Батыр елдің бауыры“ деп,  
Тамаша айтқан бір терең сыр.  
Елі үшін баурын тілген  
Өткен талай не батыр ұл.  
Қарышта ақын жеткенше тіл,  
Аруағы ұлы Петр  
Сүйсінгендей басталсын жыр.

Орал тауы бөктерінде  
Жайнақ қағып тұрды Уфа,  
Бейбіт шалқар, шадыманды  
Салтанатты құрды Уфа.  
Күннің нурын,  
Орман нуын  
Бөленді де жатты Уфа  
Мәңгі мия қазнасынан  
Алтын шамақ тақты Уфа.  
Қазыналы алтын Орал  
Қырандарын саңқылдатты,  
Құзар шыңы бұлт бүркеніп,  
Жұпар желін аңқылдатты.  
Тау төсінен жарып шыққан,  
Кеусер суын сылдыратты,  
Бал құрайлар безілдегіп  
Салауаттың (х) күйін тартты,  
Естігенде күй құлақты,

(х) Салауат Юлаев—башқұрд халқының  
ертедегі батыры.

Бар жүйені шымырқантты  
Кейде жігер, кейде тәтті,  
Бойынды алып қурай күйі  
Жүрегіңе ерліктің бір—  
Сөнбейтуғын шамын жақты,  
Қурай күйі тартылғанда,  
Ер Пугачев еске түсіп;  
Тұлғалы ер, батыр башқұрд.  
Қосылысып, қолын қысып,  
Салауаттың салтанаты  
Кейде Оралдың шынын қушып,  
Кейде асынып айбалтасын  
Кейде құздан аса түсіп,  
Ақыйығы қарт Оралдың  
Бөктерді өрлей бұлға ұшып,  
Ер Салауат мирасқоры  
Ел анызын тыңдап сонда  
Жіберетін кейде шалқып  
„Ашқазар“ға жырылап сонда.  
Ерлікпенен махабаттың  
Кейде әсем, кейде бір мұң,  
Кейде тәтті саз-бенен үн,  
Бөлендірген махабатпен  
Батырлыққа шындап сонда.  
Бал қурайы тартылғанда  
Батырлық күй өрлейтуғын  
Күй тарауы Оралы орап,  
Хиял көкке сермейтуғын  
Қу айшы қарт күймен самғап,  
Әңгімесін тербейтуғын:  
„Ел қамы үшін батыр туған  
Ер Салауат өтіп кетті.  
Шір тербеткен Салауаттың  
Қурай күйі бізге жетті“—  
Дедідағы башқұрд қарты  
Бал қурайды безілдетті  
Өр хиялды жетелетті,  
(Жалғасы 4 бетте).

МАЛ ӨСІРУШІЛЕРДІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСЫ

МАЛ ӨСІРУ ЖОСПАРЫН МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАЙМЫЗ

Біздің колхоздың мүшелері мал шаруашылығын өркендету, оның продуктивтілігін арттыру күресінде көрнекті еңбек істеп келеді. Олар мал қыстату жұмысын жақсы әзірлікпен қарсы алып, оны ойдағыдай өткізуде.

Колхоз өткен жазда пішен жыйнау жұмысын табысты түрде өткізді. 820 тонна шөп мал қораларына тасылды. Мал қоралары мен төл үйлері ремонтталып, жаңадан ат қорасы салынды.

Біз қоғамдық малдарды құнарлы азық, жылы, жарық, жақсы қорамен қамтамасыз етіп, мал шаруашылығы жаңрларының қатары тәжірибелі, тандаулы колхозшылардан толықтырылды.

Мал шаруашылығында жұмыс істеуші М. Исина, мал күтушілер М. Бейсенов, Ш. Жиенбаев, мал күтушілер Н. Бейбекова, Бейсенбаева жолдастар малды мөпелеп күтіп жүр. Олар мал төлдету жұмысына ерекше көңіл бөлуде. Қазір 20 саулық, 10ға паяу сыйыр төлдеді.

Олардың төлі аман алынып, мөпелеп күтілуде.

Жақын арада колхозшылардың жақсы жыйылысы болып өтті. Онда колхозшылар мал өсіру жоспарын талқылап, өздеріне жаңа міндеттемелер алды. Колхоз бйылығы жылы жоспар бойынша мал шаруашылығында жылқыны 26 басқа, қара малды 199 басқа, қойды 304 басқа жеткізіп, жаңадан шошқа фермасын ұйымдастыруға тиісті.

Біз жыл басынан бері мал фермаларына 8 жылқы, 10 қой 9 ірі қарамал сатып алдық. Сөйтіп жас төлдерді қоса есептегенде, қазірдің өзінде жылқы өсіру жоспары 120 процент, ірі қара мал 102, қой өсіру жоспары 100 процент орындалды.

Мал қыстату, мал төлдету жұмыстарын ойдағыдай өткізіп, мал өсірудің жылдық жоспарын артығымен орындаймыз.

М. ӘДІЛБЕКОВ,

Қызылту ауданындағы «Коммунизм» колхозының председателі.

Түлікті көбейту үшін қажірлі күресеміз

Біздің колхоздың мал фермасы өткен жылы қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік планын едәуір артық орындап, еліміз бен майдан үшін мал шаруашылық продуктыларын неғұрлым мол тапсырды. 1943—1944 жылдардың мал қыстату маусымын жақсы әзірлікпен қарсы алып, оны үлгілі өткізу жолындағы күресте де біз едәуір табыстарға ие болдық. Қоғамдық мал құнарлы азық, жылы қорамен деркесінде толық қамтамасыз етілді.

Қазір біз мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігі мен қонын арттырудың 1944 жылғы планын толық және артығымен орындау үшін күшқайрат жұмсай, қажірлі күресудеміз. Қой-ешкі өсіру планын біз қазірдің өзінде 153 процент орындадық. Мал өсірудің мемлекеттік планын барлық түлік жағынан толық орындау үшін енді 10

ірі қара мал мен 7 жылқы керек. Колхоз фермасын толықтыру үшін біз барлық мүмкіншілікті пайдалану дамыз.

Үстміздегі жылдың төл алу маусымын мол әзірлікпен қарсы алып, оны үлгілі өткізудеміз. Біз бйыыл 50 қозы және 4 бұзау алдық. Бұлардың барлығы жылы әрі жарық үйде күтіледі. Мөпелеп күтудің нәтижесінде бйыыл бірде-бір төл шығын болған емес. Бұдан кеңірек төлдеуге тиісті мал бөлек бағылады. Оларға арнап, мал азығының ең жақсысын сақтап қойдық.

Біздің колхоздың мал өсірушілері қоғамдық мал басын барған сайын өркендете беру ісінде өткен жылғы сыяқты бйыыл да зор нәтижеге ие болу үшін қажірлі күрес ұйымдастырды.

Қ. БЕЙСЕНОВ,

Совет ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың ферма меңгерушісі.

Германияның соғыс объектілеріне одақтастардың 5 мың самолетінің шабуылы

ЛОНДОН, 25 март. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, қазіргі уақытта Германия тәулік бойына бомбалануда. Европа үстіндегі әуе ұрыстарына сан мыңдаған самолеттер қатысуда. Американың 2 мың бомбалаушысы мен истребителі Берлинге және Германияның тағы басқа аудандарына жасалған шабуылдан жаңада ғана қайтып келді, сол кезде ағылшының бір мың бомбалаушысы Франкфуртқа аттанды.

Соңғы 36 сағатта одақтастар авиациясының герман объектілеріне жасаған шабуылдарына 5 мың самолет қатысты.

Ресми хабар бойынша, кеше Американың ауыр бомбардировщиктерінің ірі құрамалары Швейцурпен Франкфурттағы өнеркәсіп объектілеріне шабуыл жасады.

ВЕНГР ЖӘНЕ РУМЫН ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҰРЫСТАР

ЛОНДОН, 22 март. (ТАСС). Рейтер агенттігінің Цюрихтен берген хабарына қарағанда, Цюрихтың дипломатия топтарының, Бухарест арқылы алған мәліметтері бойынша, Венгрия-Румыния шекарасында венгер және румын әскерлері арасында шайқасу болып жатқан көрінеді. Бұл шайқасулар кейбір өккерлерде, әсіресе румындар шекараны бұзып өтуге әрекеттенген Арад пен Надь-Верадта нағыз ұрыстарға айналған. Осы негізден алынған хабар бойынша, немістер генерал-лейтенант Фекетхальми-Цейлнерді Венгрия қарулы күштерінің бас қолбасшысы етіп тағайындаған. Венгрлер оккупациялаған Нови-Сад ауданында югослав халқы айуандықпен жазалауға бұл генералдың негізгі жауапты адам екендігі мәлім. Цейлнер бұдан бір талай уақыт бұрын Германияға қашып кетіп, қазір одан Венгрияға келген.

Англияның алысқа ататын артиллериясының қыймылы

ЛОНДОН, 22 март. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, елдің оңтүстік жағалауында Англияның алысқа ататын зеңбіректері үш түн бойына қыймыл жасауда.

тілеріне шабуыл жасады. Бомбалаушылардың екінші бір құрамалары германын Франциядағы аэродромдарына шабуыл жасады. Душпанның истребительдері әлсіз қарсылық көрсетті.

25 мартқа қараған түнде Германияға жасалған шабуылға ағылшының мыңнан аса бомбалаушысы қатысты. Шабуылдың негізгі объектісі Берлин болды, оның өнеркәсіп аудандарына 2500 тонна қыйратқыш және өртегіш бомбалар тасталды. Қалада үлкен өрттер шықты. Екінші бір құрамалар Киль мен Батыс Германиядағы объектілерді бомбалады.

Бұл ұрыс қыймылдарынан 73 бомбалаушы өздерінің базаларына қайтпады.

Америка бомбардировщиктерінің Берлинге шабуылы

ЛОНДОН, 22 март. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Америка бомбардировщиктерінің ірі құрамалары Берлиннің соғыс және өнеркәсіп объектілерін бомбалады.

Англияның авиация министрлігі, 22 мартқа қараған түнде «Москито» самолеттерінің батыс Германиядағы объектілерге шабуыл жасағандығын хабар етті.

Герман әскерлерінің Аланд аралдарына келіп түсуі

ЛОНДОН, 24 март. (ТАСС). Лондон радиосы сенімді хабарларды негізге ала отырып, соңғы бірнеше күндерде Финляндияның қармағындағы Аланд аралдарына герман әскерлерінің келіп түсіп жатқандығын хабар етті. Балтық теңізінің едәуір бөлегін бақылайтын бұл аралдарға Финляндия осы күнге дейін шетел әскерлерін жолатпай келген болатын.

Олар 22 мартқа қараған түнде шамамен бір сағат бойына Палде-Кале құйылысындағы неміс кемелеріне оқ жаудырып тұрды. 100 дүркім оқ атылды.

ҚОС ЖҮРЕК

(Басы 3-бетте).

Салауаттай қыран текті  
Кейде шырқап, кейсе нөсер,  
Есіне ала күйді төкті.  
Айтқан екен Салауат ер:  
Елін сүймей батыр болмас;  
Жерін сүймей ақын болмас.  
Айбалтасын асынбаса,  
Ғатыр елге жақын болмас.  
Малынбаса қанға найза  
Ердің даңқы сәнсіз болар.  
Ер тұлпары жау көрмесе  
Жабайдай жалсыз болар.  
Кейінгі ұрпақ үйсіз қалар,  
Бая құрайы күйсіз қалар,  
Ғасқа түскен жау шоқтары  
Бір ғана емес, сансыз болар.  
Қорғау үшін елді, Оралды  
Кел башқұрттар міндік атқа.  
Толарсақтай кешелік қам  
Қарсы тұрып зор зұлматқа!  
Деп шақырған батыр үшін  
Қурай күйі дүрілдегі  
Миракорлар күйін естіп  
Тыңдағанда ер жүректі  
Аялады алтын Орал,  
Ер ақыйық тастүлекті.  
Жел қанатты болат тоғым  
Муз балақты ұл түлетті.

Зуылдан оқ...  
Майдан жері.  
Тұл қараңғы  
(—ман іші).

Болып жатты тым асығыс  
Комсомолдар жыйылысы.  
Жыйылысты аштыдағы  
Ер Артюхов бастады сөз:  
„Алдымызда Чернушкин (х)  
Жауды жойып алуға тез  
Аттанамыз!  
Ал, енді жүр!“  
Дей бергенде, алды сөзді  
Матросов Александр:  
„Қолда мылтық,  
Кеудеде жан  
Тұрғанында аламыз біз,  
Көк сүңгіні көкке бойлай  
Жауға ойрап саламыз біз.  
Ел үшін мен өлсем сгер,  
Арманым жоқ артқа оралар.  
„Малынбаса қанға найза  
Ердің даңқы сәнсіз болар“,—  
Депті өткен қарт бабалар.  
Ал аттандық қалаға біз,  
Жыйылыста сертім осы“,—  
Дедідағы қайраттанды ер,  
Қарт Оралдың қыран құсы.

Боран түтеп.  
Белуардан қар.  
Көз аштырмай тұман басқан.  
Кейде ызылдап, кейде ұлып,  
Жаңбырдай оқ араласқан.  
Дамылы жоқ.  
Амбразур  
Аждаһадай аузын ашқан.  
Қарсы шапқан қайратты ер  
(х) Чернушкин—деревняның аты.

Не ажалға қадам басқан,  
Не жаныма қия кешіп  
Өлім, үміт араласқан.  
Матросовтың жанындағы  
Жауынгерлер қалды құлап  
Не жаралы.  
Не мүгедек,  
Не қазалы жатты сулап.  
Қорсылдағам қара доныз  
Көкқайданып еліріп жау  
Долдаиды ер Александр  
„Қоим ба“ деп—жауымды сау?..  
Автоматтан оқты борап,  
Матросов айбаттанды  
Кейде батыр толған қолы  
Кейде кекпен күйіп жаны.  
Бір мезгілде ер Артюхов,  
Командир де жарланды.  
Шыдамады Александр.  
—Мен барам!—деп салды ұрады.  
Арыстандай шегіп ыза,  
Қыран кұстай қанаттанды.  
Оққа қарсы төсіп керіп,  
Матросов қадам басты.  
Кек кернеген ұлы жүрек  
Қан майданға араласты.  
Аузын ашып тұрды соңда,  
Амбразур—қара албасты.  
Бірақ оған қаймықпады,  
Қарт Оралдың қыранындай.  
Жаудың оғы дүркім-дүркім  
Жанбырдайы жауды тылбай.  
Бір мезгілде долданып ер,  
Амбразур аузын жапты.  
Денесімен бүркеді де  
Топшысымен соқты қатты.  
Дүлей боран тым асқақтай,  
Жел көтере азынатты...

Арыстанның тұлғасындай  
Хаснеті дене жатты.  
Тыны аждаһа.  
Толастанды.  
Арттағы ерлер жауды шапты,  
Чернушкиден шықты қуыл,  
Кеш.  
Женістің күйін тартты.  
\*\*\*  
Естігенде мұны ана,  
Қалайыша қуанбасын!  
Бесіктегі бал бекетер  
Қалайыша уябасын!  
Бұл ғажайып ерлік дастам  
Қалай күйлі шалқытпасы  
Естігенде ел жүрегі  
Қалай ғана балқытпасы?  
Елі үшін болған құрбан  
Қан майданда аялбай жан  
Адал ұлдың оқыйқышы,  
Өзі жазған аикетасын!  
Қарт Оралдың бөктерінде  
Сенді Уфа қаласыман,  
Өзім  
Атым—АЛЕКСАНДР  
МАТВЕЙ қарт баласымың.  
Ұлы атам—МАТРОСОВ,  
Комсомолдың мүшесімін  
1924 дүниеге келген жылым.  
Мерген,  
Атқыш,  
Автоматшы  
Жай әскери мамандығым.  
(Жалғасы бар)

Жауанты редактор  
Ө. ОСПАНОВ  
ТВ 00419